

ӘОЖ 376.37

ЗАМАНАУИ ГАДЖЕТТЕРДІҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯСЫНА, ӘЛЕУМЕТТЕНУІНЕ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМУЫНА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Кенжебаева Т.Б.*(PhD докторы, анатомия, физиология және дефектология кафедрасының меңгерушісі,
ПМПУ, Павлодар қ.)***Сатпекова А.А.***(«Дефектология» мамандығының 4 курс студенттері, ПМПУ, Павлодар қ.)***Лесбек А.Е.***(«Дефектология» мамандығының 4 курс студенттері, ПМПУ, Павлодар қ.)*

Аңдатпа

Техника мен ғылымның дамуы балалардың психологиялық дамуы мен сөйлеу тіліне өзіндік әсерін тигізуде. Электрондық ойыншықтар, гаджеттердің әсерінен ата – аналар мен балалардың арасындағы қарым – қатынасы әлсіреуде. Бұл жалпы сөйлеу тілінің дамымауына, аутизм және аутизм спектрі бұзылулары бар балалар санының едәуір ұлғаюының себептерінің бірі. Осы мәселені шешу жолында гаджеттік ойындарды шынайы өмірде қолдануды жөн көрдік. Зерттеу жұмысы барысында ойындарды ойнату арқылы балалардың диалогтық сөйлеу тілін дамытып, қарым – қатынас жасауға бейімдеу жайлы сөз қозғалады.

Түйінді сөздер: жалпы сөйлеу тілінің дамымауы, гаджеттік ойындар, коммуникация, диалогтық сөйлеу тілі, ойын.

Аннотация

Развитие технологий и науки оказывает уникальное влияние на психологическое развитие и речь детей. Под влиянием электронных игрушек, гаджетов отношения между родителями и детьми ослабевают. Это одна из причин значительного увеличения числа детей с элементами аутизма. Чтобы решить эту проблему, мы решили использовать гаджет – игры в реальной жизни.

Ключевые слова: общее недоразвитие речи, гаджетные игры, коммуникация, диалогическая речь, игра.

Annotation

The development of technology and science has a unique impact on the psychological development and speech of children. Under the influence of electronic toys, gadgets, the relationship between parents and children is weakened. This is one of the reasons for the significant increase in the number of children with autoimmune and autistic spektors. To solve this problem, we decided to use gadget – games in real life.

Key words: general underdevelopment of speech, gadget games, communication, dialogical speech, game.

Кіріспе

Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы балалардың психологиялық дамуы мен сөйлеу тіліне де өзіндік әсерін тигізуде. Атап айтқанда, балалардың жалпы сөйлеу тілінің дамымауына әкеп соқтыруда. Арнайы зерттеулер көрсеткендей, қазіргі кезде 4 жастағы балалардың 25 % – ында сөйлеу тілінің дамуы нормаға сәйкес келмейді. 2001 – жылдардың ортасында сол жастағы балалардың тек 4% – ы сөйлеу тапшылығына ие болды. Соңғы 17 жыл ішінде ауызша сөйлеу тілінің бұзылыстарының саны 6 еседен асты. Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілі, яғни ана тілін дұрыс меңгеруі баланың дамуына, тәрбиеленуіне, білім алуына үлкен әсерін тигізеді. Ал электрондық ойыншықтар, гаджеттердің әсерінен ата – аналар мен балалардың арасындағы қарым –

қатынасы әлсірей түсуде. Біртіндеп ересектер мен балалардың ойлау, сөйлеу, эмоционалдық, коммуникативтік, әлеуметтік және рухани дамуға қатысты жетекші рөлін және мінез – құлқына әсер ету қабілетін жоғалтады. Бұл жалпы сөйлеу тілінің дамымауына, аутизм және аутизм спектрі бұзылулары бар балалар санының едәуір ұлғаюының себептерінің бірі [1, 2].

0 – ден 3 жасқа дейінгі балаларда сөйлеудің қарқынды қалыптасуы мен ана тілін дамыту, есте сақтау, көңіл бөлу, визуалды тиімді ойлау кезеңі болып табылады. Бұл өзін – өзі сезіну және бастапқы өзін – өзі бағалаудың пайда болу уақыты. 3 жасқа дейін балаларда жоғарғы ойлау қабілеті, көру, есту қабілеттері, қоршаған ортамен танысуға деген ынталары жоғары болады. Осы жаста жақын адамдарымен ерекше эмоционалдық қатынастар ерекше орын алады. Бала айналасындағы әлемнің шекаралары мен ережелерімен танысады және олардың мінез-құлықтарында да жағымды ерекшеліктер байқалады. Сонымен қатар, баланың тілін дамыта отырып, оның ой – өрісін, интеллектуалдық қабілетін арттыруға болады. Ал сөйлеу тілінің ақаулықтары баланың танымдық қабілеттеріне және жеке тұлға болып қалыптасуына жағымсыз әсерін тигізеді. Олар бірте – бірте ХХІ ғасырдың «эпидемиясына» айналуға [3].

Американдық педиатрия академиясы және Канада педиатрия қоғамы 0 – 2 жастағы балалар электронды құрылғыларды мүлде пайдаланбауы тиіс, 3 – 5 жас аралығындағы балалар электронды гаджеттермен байланысы күніне бір сағаттан, ал 6 – 18 жас аралығында балалардың гаджеттерді қолдануы – 2 сағаттан аспауы тиіс деген тұжырымдама жасады.

Ғалымдардың пікірінше, заманауи гаджеттердің балаларға тигізетін әсері мынадай:

1. Мидың тез жетілуі. Баланың миы туғанынан және 2 жасқа дейін үш есе тез жетіледі және 21 жасына дейін жетілуін тоқтатпайды. Заманауи гаджеттердің (ұялы телефондар, интернет, теледидар) жетіліп келе жатқан миды одан сайын тездетеді – бірақ мұның теріс жағы да бар. Зерттеулер көрсеткендей, гаджеттерді пайдалану назар жетіспеу синдромына, дамудың когнитивті бөгелісіне, білім алуының қиындауына және есіріктікке әкелуі мүмкін.

2. Дамудың тежелуі. Қимыл – қозғалыс – денсаулықтың кепілі, сонымен қатар бұл зейін мен зеректікті дамытады. Бірақ заманауи ойыншықтарға әуес бала аз қимылдайды – нәтижесінде, дамуы тежеледі.

3. Артық салмақ. Ғалымдар балаларда артық салмақтың пайда болуын ұзақ уақыт бойы смартфонда ойын ойнауымен және теледидар қарауымен байланыстырады. Түрлі гаджеттерді өз бөлмесінде еркін пайдалана алатын балалардың 30 % – ы көбіне толықтықтан зардап шеккен. Өз кезегінде, 30 % толық балалардың диабетке ұшырау қаупі жоғары, сонымен қатар толық адамдар ерте инстульт алуға және жүрек тоқтап қалуға бейім келеді.

4. Ұйқының жетіспеуі. Ата – аналардың 60 % – ы балаларының гаджетпен қанша уақыт отырғанына назар аудармайды. Әрине балалар ойынның қызығына кіріп, кеш жатады, ұйқылары қанбайды, күн тәртібі бұзылады, ал кейде ұйқысыздыққа ұрынады – мұның бәрі олардың денсаулығына кері әсер етеді.

5. Психикалық аурулар. Көптеген зерттеулер тағы мынадай пікір айтады: заманауи ойыншықтар мен құрылғыларды шамадан тыс көп пайдалану балаларда күйзеліс, үрей, назар жетіспеушілік синдромы, аутизм, қос полярлық ауытқушылық, психоз бен баланың іс – әрекетіндегі басқа да ауытқушылықтардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

6. Агрессия. Психикасы әлі қалыптаспаған кішкентай балалар теледидар мен ойындарда көрсетілетін көріністерге аса бейім. Онда кейде өлтіру, сабау, қиынау мен зорлау сияқты зұлымдық іс – әрекеттерді көрсетеді. Мұның бәрі балада агрессияның пайда болуына әкеледі.

7. Ақпараттық қайта жүктеу. Шамадан тыс көп ақпарат (мысалы, БАҚ) та назар жетіспеушілік синдромының пайда болуына себеп болуы мүмкін, сонымен қатар бұл зейін қоюды сейілтіп, жақсы оқуға кедергі болады.

8. Гаджеттерге байлану. Ата – аналар балаларымен ойнап, сөйлесудің орнына көп уақытын ноутбукқа және смартфонға қараумен өткізеді. Егер бала ата – анасына байланбаса, онда кейбірі заманауи ойыншықтардан жұбаныш іздеп, соларға байланып қалады.

9. Радиациялық сәулелену. Балалар үлкендерге қарағанда әлдеқайда сезімтал, сонымен қатар олардың миы мен имундық жүйесі әрдайым даму үстінде. Сол себепті ұялы телефондардан бөлінетін радиациялық сәулеленуге назар аудармауға болмайды. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы оларды және басқа да сымсыз құрылғыларды 2 В санатына – ықтимал канцерогенге жатқызды.

10. Сөйлеу тілінің жас нормасына сәйкес болмауы. Логопедтердің пікірінше, ЖСТД – сы (жалпы сөйлеу тілінің дамымауына) бар балалардың басым көпшілігі заманауи гаджеттерге әуес. Соның салдарынан баланың тілі шорқақ, жеткізер ойы түсініксіз [4].

Халықаралық Денсаулық сақтау ұйымы жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ғалымдар телефонмен көп сөйлесетін жандарда бас ауруы, ұйқышылдық, ашушандық белгілері кездесетінін анықтаған. Сондай – ақ, ұялы телефоннан бөлінетін электромагниттік толқындардың есте сақтау қабілетін нашарлататынын, қатерлі ісіктің пайда болуына әкеп соқтыратынын дәлелденген [5].

Ресейлік ғалымдар ұялы телефоннан бөлінетін электромагниттік толқындардың көз жанарына кері әсер ететінін анықтап отыр. Ғалымдардың жүргізген зерттеулері нәтижесінде сынақтан өткен тышқандардың барлығы дерлік көз жанарынан айырылған. Сондай – ақ, зерттеу барысында сынақтан өткен хайуандардың имундық жүйесі әлсіреп, бұзылғаны анықталды.

Балалар гаджетпен көп ойнаған уақытта жүйке жүйесі мен ойлау қабілетіне зиян келеді. Сондай – ақ, мамандар құрылғылардан бөлінетін сәулелің бас ауруы, есте сақтау және көру қабілетіне душар ететінін анықтап, ұйқысыздыққа шалдықтыратынын дәлелдеген.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының болжамы: жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың диалогтық сөйлеу тілін көрнекі – бейнелік жұмыстар арқылы дамытсақ, онда олардың әлеуметтенуі, коммуникациясының дамуы арта түседі.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөйлеу тілі мен қатар ой – өрісін дамыту барысында «Павлодар қаласының сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған түзетулік үлгідегі № 14 балабақша» МКҚК өткізілді. Ол мекемеде балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты топтарға бөлінген. Олар: «Балапан», «Теңізшілер», «Жұлдыздар», «Балауса», «Күншуақ». Балабақшада 100 ге жуық бала бар. Балабақшада 100 ге жуық бала бар. Біз тәжірибеміздің мақсат, міндеттеріне сәйкес «Теңізшілер» тобына бақылау жүргіздік. Себебі бұл топтағы балаларда жиі кездесетін жалпы сөйлеу тілі дамымауының 3 деңгейі. Бұл топта 20 бала, олардың 12 ұл бала, 8 қыз бала. Солардың ішінен зерттеуге 3 ұл, 3 қыз бала алынды.

Ойын іс – әрекеті барысында сөйлеу тілі бұзылған балалардың ұжымшылдық, еңбексүйгіштік, өздігінен жұмыс жасау сияқты жеке тұлға қасиеттері, өзін-өзі бақылау

біліктілігі қалыптасады. Педагог – дефектологтың немесе логопедтың, тәрбиешінің жетекшілігімен жүзеге асатын бұл үдеріс кезінде балалардың интеллектуалды дамуында, танымдық, қоғамдық және т.б. қажеттіліктер мен қызығушылықтарының туындауында едәуір жағымды өзгерістер болады.

Ойын кезінде балаға фантазиясы мен шығармашылығын дамытуға үлкен мүмкіндік беріледі. Ойын жаттығуларын жағымды жағдайларда өткізген жөн. Балаға берілетін тапсырмалар оның жеке бас мүмкіндіктеріне және логопед ұсыныстарына сәйкес келуі керек.

Бала тапсырманы орындап жатқан кезде оны асықтыруға немесе тапсырманы орындау деңгейін нашар деп айтуға, оған тапсырма нәтижесі жөнінде сыни пікірлер айтуға болмайды. Ойын кезінде баланы белгілі бір іс әрекеттерге үйретуден қарағанда, оның өзіне деген сенімділігін, өз пікірін ашық білдіруге үйрету маңыздырақ.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуде логопедтің балаға әрекеті ретінде тиімді әдістердің бірі – дидактикалық ойын болып табылады.

Дидактикалық ойындар келесі принциптерге негізделеді:

- Дидактикалық ойын бағдарламаға сәйкес болуы ;
- Дидактикалық ойын ең алдымен баланың сақталған мүмкіндіктерін әрекеттендіруі;
- Заттардың, суреттердің, нұсқаулардың міндеттері, сұрақтардың мәні, ойын шарттары балаларға түсінікті болуы керек;
- Ойынды өткізуге арналған нұсқамалар түрлі-түсті, яғни баланың зейінін аударатындай болуы керек;
- Ойын шарты мен нұсқамада ойынға барлық баланың қатысуын қадағалау керек.

Балаларға арналған ойын тапсырмалары олардың сөйлеу қабілетін дамытуға және баланың жан – жақты дамуына үлкен көмегін тигізеді. Ойын арқылы бала өзінің сөйлеу қабілетін, логикалық ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін, графикалық дағдыларын дамытады. Мұндай жетістіктерге жету үшін баланы ойын кезінде түрлі жағдайларға тап болуын жоспарлау керек, яғни ойлауға қабілеті бар, жағдайды анализдей алатын, өзіндік қорытындылар жасай алатын бала мұндай жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін үйренеді. Дидактикалық ойындарды түрлі көркемдік материалдармен бірге жүргізген кезде логопедиялық коррекция әлдеқайда өнімдірек болады егер тұрмыстық заттар, ойыншықтар, арнайы дайындалған нұсқамалар қолданылса.

Балалардың жақсы көретін гаджеттік ойындарын зерттей келе төмендегі ойындарды жоспарлап, өткіздік.


Кесте 1 Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың диалогтық сөйлеуін дамытуға арналған ойындар тізбегі

<i>Ойынның атауы</i>	<i>Мақсаты</i>	<i>Міндеттері</i>
Менің мысығым – Том	Балалардың сөздік қорларын кеңейту, байланыстырып сөйлеу тілін, грамматикалық құрылысын дамыту. Диалогтық сөйлеу тіліне үйрету, қарым – қатынас	Балалар ойын барысында бір – бірлерін тыңдап сұрақтарға жауап беру. Сөз бен іс – әрекеттің сәйкес келуі. Топтық ойындарда өзіне жүктелген міндеттерді
Minecraft		
Subway Surf		
Менің Анджелам		

	жасауға бейімдеу.	толық атқару. Ұжымдық
Мен – аспаз (Я повар)	Балалардың қоршаған орта жайлы түсініктерін кеңейту.	ойындарда өзара ынтымақтастық қарым – қатынаста болу.
Жарыс (Гонки)	Адамдармен байланыс жасау барысында эмоциясын басқаруға үйрету.	
Том мен Джерридің лабиринті	Психикалық қасиеттерін дамыту.	

Зерттеу барысында «Менің сүйікті ойыным» деген тақырыпта сабақ жүргізілді. Бұл сабақта өздерінің гаджеттік сүйікті ойындарымен танысып, оның ерекшелігі туралы айтып, денсаулыққа пайдасы мен зияны туралы түсінік берілді. Осы бойынша сабағымызды әрі қарай жалғастырып, ойындар ойнап, тапсырмалар орындады. «Менің мысығым ТОМ» ойынында балаларды өмірлік дағдыларға бейімдеп, тұрмыстық техникамен, адамдармен қарым – қатынас жасау ерекшеліктері жайлы түсіндірілді. Ойын барысы бірнеше деңгейлерден өту арқылы орындалады. Дәл интернеттік ойындар сияқты әр деңгей сайын ойын шарттары да қиындай түседі. Ал балаларды бұл өмірлік ойындарға қызықтыру барысында ұпайлар мен дәрежелер беріліп отырды. Ойын барысында балалар өздерінің жұмсақ мысықтарын немесе кез – келген жұмсақ ойыншықтарын пайдалану арқылы жүзеге асты. Сол жұмсақ ойыншықтарын күн тәртібі бойынша әрекет жасап, бір – бірлеріне қонаққа барып сөздік байланыс жасады. Сабақта өткен «Менің мысығым – Том» ойыны барысында қысқаша сипаттап беретін болсақ, А. есімді ұл өзінің жұмсақ мысығын таңертең ұйқысынан оятып, тамақтандырды. Бұл іс – әрекетті жасау барысында А. есімді ұл өзін анасы таңертең қалай оятатындығы (мысалы, жылы сөздер айтып, күлімсіреп) есіне түсіп сол әрекеттерді қайталады. Яғни балада бұл процестердің жадында жатталғандығын, сөздік қорының байығандығын, баланыс жасау білгендігін байқаймыз. Тамақтандыру барысында жеміс – жидектердің, көкеністердің, тағамдардың түрлерімен танысқандығын, дұрыс тамақтану керектігін, ағзамыз мықты болып өсуі үшін дәрумендердің қажеттігі жайлы мілімет алып отырды және оларды ойын барысында жүзеге асырды. Балалар бір – біріне өздерінің сүйікті ойыншықтарымен қонаққа бару арқылы бір – бірлерімен ортақ тақырыпта кішігірім диалог құрып, байланыс жасады. Әрі қарай ойынымызда мысықты ойнату, шомылдыру, ұйықтатумен жалғаса берді. Әр дәрежеден өткен сайын мысықтары өсіп, ұпайлар алып, тапсырмалар орындап отырды. Бұдан байқайтынымыз әрбір тірі жан иелерінде даму, өсу процесі жүретіндігі жайлы мәләмет алады және әрбір даму кезінде өзіндік ерекшеліктермен танысып, ойын барысында жүзеге асырды.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалармен жүргізілген әр сабақ сайын интернеттік ойындарды шынайы өмірде қолданып, диалогтық сөйлеуін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар жасалды. Түрлі сюжеттік ойындар, еркін тақырыпта әңгіме құру, сөзіндегі қателіктерді түзету мақсатында әр түрлі грамматикалық ойындар ойнатылды, ертегі тыңдап, оны мазмұндап беруге тырысты. Бұл тапсырмаларды орындауға аудиожазбаларды, бейнелік кітаптарды, карточкалар мен суреттерді қолдандық. Осы мақсатта балалардың сүйікті интернеттік ойындары қолданылды. Мысалы «Менің мысығым – ТОМ», «Майнкрафт» ойындарын ойнату нәтижесінде көздеген мақсатымызға жеттік деп ойлаймыз. Ойындардың нәтижесін төмендегі диаграммадан байқауға болады.



Сурет 1 Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың диалогтық сөйлеуін дамыту жұмысының нәтижесі

Зерттеу нәтижелері

Бұл кесте арқылы диалогты сөйлеу тілін дамытпас бұрын балалардың сөздік құрылымына мән беру керектігін байқаймыз. Сөздік құрылымын дамыту барысында диалогтық сөйлеу тілін де дамытамыз. Диалогтық сөйлеу тілін дамытудың негізгі құралы – сюжеттік ойындар. Біз балалармен интернеттік ойындарын сюжеттік ойындар арқылы ойнадық. Бұл балалардың сүйікті ойындары болғандықтан балалар үлкен қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытты. Сабақ арасында балаларға қызықты таппақтар мен өлеңдерді жаттатқызып, жұмбақтар мен сөзжұмбақтарды шештік. Мақал мәтелдер мен жаңылтпаштар оқыдық. Балаларға өздеріне ұнайтын ертегі немесе қызықты оқиғаларын айтып беру барысында сөйлеу тілдерінің дамығанын байқадық. Сөздік қорларында жаңа сөздер пайда болған, бір – бірінің айтқандарын тыңдай алатын болды.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сюжеттік ойынға деген қызығушылығының арқасында бір – бірімен қарым – қатынас жасауға қиналмайтын болды. Оларға берілген сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беруге тырысып, коммуникациялық қабілеттерін артып, диалогтық сөйлеуі біршама дамығанын байқадық.

Әдебиет:

1. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия, Алматы, 2011 ж.
2. Өмірбекова Қ. Қ., Серкебаев Қ. Логопедия, Алматы, 1996 ж.
3. Волкова Л.С. Логопедия, 2007 ж. – С. 282 – 284.
4. [https://kz.otyrar.kz/2014/08/%D2%B1yaly –telefon–midy–%D2%9Bajnatady](https://kz.otyrar.kz/2014/08/%D2%B1yaly%20telefonmidy%D2%9Bajnatady).